

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Президенті \_\_\_\_\_ У.С.Абдибеков  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

*УЕ-ХҚТУ-043-2014*

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУМЕН ОҚЫТУДЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен, сырттай және қашықтан оқыту орталығымен  
**ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов  
Орталық директоры Э.Альжанова
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент  
Б.Б.Ахметов  
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының  
бастығы Е.Шахабаев  
– Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің  
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 2 –ші беті

### МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	5
5	Кадрлық қамтамасыз ету	6
6	Оқу үдерісін ҚБТ бойынша ұйымдастыру	6
7	Қашықтықтан оқытуда оқу курсына қойылатын талаптар	9
8	ҚБТ қолданумен оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтауға бақылау	10
9	Танысу парағы	11

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 3 –ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар университет құрылымында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-043-2014 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
- «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 169., 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 112 бұйрығымен бекітілген.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- Университет Жарғысы;
- Регламенттер;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

3.1 Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

- |             |                                                                                   |
|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| Университет | - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;                 |
| УЕ          | - университет ережесі;                                                            |
| ОӘК         | - оқу-әдістемелік кеңес;                                                          |
| ЖБМЖМС      | - Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;                    |
| ЖБКМЖМС     | - Жоғары білімнен кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;                 |
| МБББПС      | - мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясы; |
| Департамент | - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;                                    |
| АРСБ        | - Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы;                                     |
| ЖБКБИ       | - жоғары білімнен кейінгі білім беру институты;                                   |
| ӘБ          | - Әдістемелік бөлім;                                                              |
| ЖКБ         | - жоғары кәсіптік білім беру;                                                     |

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 4 –ші беті

- ПОҚ - профессор-оқытушы құрамы;  
ҚБТ - қашықтықтан білім беру технологиясы;  
ҚОТ - қашықтықтан оқыту технологиясы;  
АТКО - ақпараттық-телекоммуникациялық (АТК) орталық;  
ТД - теледидар.

3.2 Ереже – Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру талаптарын әзірлеу ережесі;

**Бейнеконференция** - бейнетаспаны қолданумен, бір-біріне қашықтықта орналасқан, қатысушылар конференциясы;

**Виртуалды лабораториялық практикумдарды** (мультимедияларды, ГАЖ-технологияларды, имитациондық модельдеу қолдану арқылы) өткізуге арналған жабдықтар және сәйкес бағдарламалық қамтамасыз ету;

**Білім беру ұйымының веб-сайты** - қашықтықтан білім беру технологияларын жүзеге асыратын ҚОТ бойынша ұйымдастырылған оқу үдерісінің қатысушыларына және олар арасындағы екі жақтық байланысты іске асыруға арналған оқу-әкімшілік ақпараттың интернет қоры;

**Геоақпараттық технологиялар** – бірінші кезекте кеңістіктік талдау әдістерін пайдаланатын, мағлұмат біріктіру және интеграцияның жоғарғы дәрежесінде автоматтандырылған басқарудың барлық міндеттері ымырасыз шешілетін, геоақпараттық жүйе (ГАЖ) құруға арналған технологиялар;

**Қашықтықтан оқыту технологиялар** (ҚОТ) – білім алушы мен педагогикалық қызметкердің жанама (қашықтықтан) немесе толық емес жанама әрекеттесу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар көмегімен іске асырылатын оқыту технологиясы;

**Ақпараттық-телекоммуникациялық (АТК) орталық** – ТД – технологиясын жүзеге асыратын білім беру ұйымының аймақтық оқшауланған құрылымдық бөлімі;

**Интерактивті мультимедиа курсы** - әр түрлі компоненттермен басқару және бағыты бойынша навигация жүйесімен қамтамасыз етілген, мультимедиа қосымшалы гипертекст құрылымы кейіпінде ұсынылған оқу материалы;

**Ақпараттық қауіпсіздік** – қорғалатын үш негізгі ақпараттарды: конфиденциалдығын, бүтіндігін, әзірлігін сақтау мақсатында, ақпараттарға кіру мүмкіндігін және функционалдық өкілеттілігін жіктеуді қамтамасыз ететін жүйелі функция;

**Ақпараттық – білім порталы:** ҚОТ бойынша білім үдерісін ұйымдастыратын оқу-әдістемелік және әкімшілік-академиялық ақпараты бар, желілік-ұйымдастырушылық ақпараттар қоры және Internet қызметтердің жиынтығы;

**Ақпараттар қоры** - қалыптастырылған ой мен білім, түрлі мағлұматтар, оларды жинақтау құралы мен әдістері, ақпараттар көзі мен тұтынушылар арасындағы алмасу мен сақтау;

**Кейс** – білім алушыға өздігінен жұмыс істеу үшін берілетін, әр текті таратқыштардағы (баспа, аудио, видео, электрондық материалдар) оқу материалдарының жиынтығы;

**Кейсілік технология** – қағазды, электронды, өзге де жеткізу түрінде және оларды өзбетінше оқытын білім алушылар үшін жіберілетін мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы негізінде жинақталған технология;

**Контент** – ақпараттық толықтыру – мәтіндер, графикалар, мультимедиа және басқа да маңызды толықтырулар;

**Қашықтықтан білім беру модулі** – білім ақпаратын білім алушыға жеткізуін, сонымен қатар тыңдаушының оқу курсы бойынша меңгеретін білім тексеруін қамтамасыз ететін бағдарламалық – техникалық құралдар, әдістер және шаралар кешені;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 5 –ші беті

**Мультимедиа** (ағыл. Multimedia лат. multum – көп және media, medium – жұмылдыру, құрал) – бұл кешенді ақпараттық орта кейіпінде ұйымдастырылған, пайдаланушыға диалогтық тәртіпке әр текті деректермен (графикамен, мәтінмен, дауыспен, бейнемен (видеомен)) жұмыс істеуге рұқсат беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

**Желілік технология** – білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас түрінде, сондай-ақ Интернет желісін қолдану негізінде оқу үдерісін басқаруда оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету технологиясы;

**ТД - технология** – эфирлік, кабелдік және спутниктік желілерді қолдану негізіндегі технология;

**Телеконференция** – ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар көмегімен ұйымдастырылған қашықтықтан қатысушылар конференциясы;

**Тьютор** – білім алушылардың өзіндік жұмыстарына басшылық жасайтын, сонымен қатар олардың жеке оқу жоспарларының орындалуы мен оқу материалдары меңгеруін тексеретін қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқытушы – кеңес беруші;

**Тьюторлық сыныптар** – бұл сыныптар, компьютермен, бейнемонитормен және басқа ақпаратты коммуникативті құралдармен және оқытушы – жетекшілердің білім беру үдерісін жүйелік режимде жүргізуіне арналған.

#### 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы оқу үдерісін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 25 тармақшасына сәйкес әзірленген және оқу үдерісін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру мен іске асыру тәртібін айқындайды.

4.2 Қашықтықтан білім беру технологияларын (әрі қарай - ҚБТ) жүзеге асыру келесі түрлері бойынша іске асырылады: ТВ-технологиясы, желілік технологиясы мен кейс-технологиясы.

4.3 Қашықтықтан білім беру технологияларының субъектілері білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

4.4 ҚБТ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және қосымша кәсіптік білім беретін, меншік нысанына, ведомстволық бағыныштылығына қарамастан білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар білім беру саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бар білім беру ұйымдарында іске асырылады.

4.5 Оқу үдерісін ҚБТ-ны пайдаланумен ұйымдастырудың негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

- ақпараттық технологияларды білім беруге енгізу;
- білім беруді жекелеу;
- білім берудің тиімділігін (сапасын) арттыру;
- дәстүрлі білім беру түрлеріне қолы жетпейтін адамдарға білім беру қызметтерін ұсыну.

4.6 ҚБТ білім алушылардың келесі санаттарына қолданылады:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім және жоғары білім базасындағы қысқартылған білім бағдарламасы бойынша;

- қозғалыстағы физикалық мүмкіндіктері шектелген адамдар (мүгедектер);

- «Болашақ» шәкірт ақы алушыларын қоспағанда алмасу бағдарламасымен мемлекеттен тысқары кеткен білім алушылар;

- сырттай оқу түрі бойынша жедел әскери қызметке шақырылғандар;

- ұзақ мерзімдік (4 айдан астам) шетелдік іссапардағы тұлғалар.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 6 –ші беті

## 5 КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

5.1 Тьютор - (ағылш.tutor) университетте ҚОТ-сы бойынша білім алушылар үшін оқу үдерісін жүргізетін мұғалімдер, студенттердің жеке оқу бағдарламаларын жасауын қамтамасыз ететін және қосымша және үздіксіз білім беру жоғары оқу орнында жеке оқыту үрдісін қоса алып жүретін тарихи пайда болған ерекше педагогикалық позиция. Бұл белгілі бір пән бойынша практикалық (семинар) сабақтар жүргізу, оқу үдерісін жетілдіріп, оны оңтайлы ұйымдастыру мен орындау бойынша кеңес беретін, семестрлік және курстық жұмысқа басшылық ететін, практиканы ұйымдастыратын пән оқытушысы болып табылады. Тьютор бойында оқытушының, кеңес берушінің және меңеджердің қасиеттері болуы керек.

5.1.1 Тьютордың мақсаты: студенттердің ҚОТ сымен білім алу жолын құруына көмек көрсету. Яғни тьютор өзіне жетілген, қазіргі өмірде іске жарауға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға көмек көрсетуді мақсат етеді, сол үшін тьютор адамға өзін терең танитындай жағдай жасайды.

5.1.2 Тьюторға қойылатын талаптар:

- жоғары кәсіптік білімінің болуы;
- ғылыми педагогикалық тәжірибенің болуы;
- ҚОТ бойынша дәріс беру әдісін білуі;
- интернет жүйесінде және компьютерлік техникамен жұмыс істей білуі;

5.1.3 Тьютордың міндеттері:

- академиялық оқу кезеңіне дейін қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыстар бойынша оқу және сол орталыққа тіркелу;
- білім алушыға мейлінше көбірек көмек беру;
- білім алушының үлгерімін жүйелі түрде бақылап отыру (студенттің жіберген сұрақтарына 4 тәулік көлемінде жауап беру, орындаған жазбаша жұмыстарын 7 тәуліктен кешіктірмей тексеріп, бағалау);
- топқа немесе жеке студентке кеңес беру;
- ынталы білім алушылардың және білім алушылардың белсенділігін арттырып, оларға қолдау көрсету.

5.1.4 Тьютор жұмысының мазмұны: диагностика/ білім беру жағдайын анықтау/алдағы жұмысты жобалау, білім беру ізденісін жүзеге асыру және нәтижесін көрсету, сараптау өзінің өткен жолын, қол жеткен нәтижелерін талдау. Тьюторлық қызметтің түрі мен әдістері: негізгі инструмент – сұрақ, сондай – ақ жеке жұмыс, кеңестер. Тьюторлық қызметтің нәтижесі: білім беру кезеңдерін зерттеуге көмектесетін, өзін - өзі бағалау инструменті болып табылатын қалыптастырылған «Портфолио» папкасы.

## 6 ОҚУ ҮДЕРІСІН ҚБТ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Қабылдау және есепке алу

6.1.1 Талапкерлерді қабылдау және есепке алу, сондай-ақ оқып жатқан білім алушының ҚОТ бойынша оқуға ауысуы сәйкесінше нормативті құжаттармен және университет президентінің бұйрығымен, білім алушының өз өтінішінің негізінде жүзеге асады.

6.1.2 ҚОТ бойынша оқуға есепке алынған талапкерлер қашықтықтан оқыту орталығында бағдарлау апталығында қашықтықтан оқу жүйесімен жұмыс істеу туралы мәліметтер алып, тіркелуі керек.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 7 –ші беті

## 6.2 Оқу үдерісін ҚБТ бойынша ұйымдастырудың талаптары

6.2.1 Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың қажетті шарты университетте:

- білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық - әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру Интернет-порталы;
- телекоммуникациялық желіге шығатын жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар);

- әртүрлі терминалдардың: мультимедиялық сыныптар, электрондық оқу залдарының;

- CD, DVD дискілердегі оқу контентінің (жеке және/немесе сатып алынған);

- контенттің желілік оқу мультимедиясының (жеке және/немесе сатып алынған);

- тиісті дайындықтан өткен оқытушылық, оқу көмекші және техникалық персоналдың;

- меншік контент (локалді және желілі) құру үшін зерханалар мультимедиясының;

- желілік тестілеу кешендерінің;

- оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System – LMS);

- оқу контентін басқару жүйесінің (Learning Content Management Syst – LCMS) болуы

қажет.

6.2.2 Университетте ҚБТ дұрыс қызмет етуі мен оны ұйымдастыру үшін келесі талаптарды орындау қажет:

- білім беру қорларын (ресурстарын) әзірлеу және жаңарту үшін ПОҚ жағдай жасау;

- білім алушыларға ақпараттық технологиялар немесе қағаздағы нұсқасы арқылы оқу материалын жеткізу;

- «on-line» режимінде кеңес беруді ұйымдастыру және өткізу;

- «off-line» режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру;

- «off-line» режимінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау;

- аутентификация жүйесі арқылы білім алушылардың тұлғасын сәйкестендіру.

- ҚБТ ендіруде университетте білім алушылардың деректер базасын қамтитын ақпараттық басқару жүйесі енгізілуі қажет (білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қалпына келтіру туралы бұйрық, олардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтер).

- ҚБТ бойынша оқитын білім алушылар университет президентінің атына оқуда ҚБТ пайдалану мүмкіндігі туралы уәжделген негіздемемен және растаушы құжаттарды ұсына отырып өтініш жазады.

- ҚБТ бойынша білім алушылар өтініштерінің негізінде қолданылатын ҚБТ көрсете отырып университет басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

Бұйрыққа:

- 1) білім алушының өтініші;

- 2) білім алушылардың жеке оқу жоспары;

- 3) әрбір білім алушының оқу қызметін ұйымдастырудың жеке кестесі қоса беріледі.

- Университет білім беру үдерісінде қашықтықтан оқыту технологиясын таңдауға сай оқу сабақтарының барлық түрлерін жүргізуді жүзеге асырады.

- ҚБТ пайдаланып оқыту қашықтықтан білім беру технологияларын қолданумен оқытуды ұйымдастыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген жағдайда ұйымдастырылады.

- ҚБТ жүзеге асыратын университетте ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдауды іске асыратын және құрамында келесі қызметтері бар арнайы құрылымдық бөлімшелер құрылады:

- ҚБТ бойынша оқу үдерісін әкімшілендіру;

- ҚБТ дидактикалық құралдарын әзірлеу;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 8 –ші беті

- ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету.

– Оқу үдерісін басқару қызметі оқу үдерісін ҚБТ бойынша жоспарлайды және ұйымдастырады, ҚБТ байланысты құжаттаманы жүргізеді, оқытушылар мен тьюторлардың біліктілігін жоғарылатуды жоспарлайды, білім алушылардан бақылау материалдарын (бақылау және курстық жұмыстар, эссе, реферат, жазбаша емтихан тапсыру парағы және тағы сияқтылар) басып шығарылған немесе электрондық нұсқаларда жинауды; осы материалдардың сәйкес байланыс құралдарымен тьюторларға бiлiмдердi бағалау үшiн тапсыруды ұйымдастырады; тьюторлардан алынған ағымдағы үлгерiм туралы деректердi бiрыңғай ақпараттық деректер базасына енгізуді қамтамасыз етеді.

– ҚБТ дидактикалық құралдарын әзірлеу қызметі электрондық оқулықтарды, мультимедиалық курстарды, әдістемелік құралдар мен басқа бақылау түрлерін әзірлеуді, иелікке алуды және игеруді жүзеге асырады, тестілеу жүйелерін және білімдерді бақылау түрлерін, ҚБТ арналған ақпараттық ресурстарды пайдалану әдістемесін әзірлейді.

– Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету қызметін пайдалануда қашықтықтан білім берудің бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын әзірлейді, игереді және қолдайды.

– ҚБТ-ты жүзеге асыратын білім беру мекемесі білім алушыларға телекоммуникациялық құралдарды пайдаланумен және оқу үдерісінің қатысушыларының өзара әрекет етуі арқылы ғылыми және әдістемелік көмекті қамтамасыз етеді.

– ҚБТ бойынша оқыту мамандықтың барлық оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

– Оқу жылы академиялық кезендерден тұрады және академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады.

6.2.3 Білім беру қызметінің барлық түрлері төмендегілер арқылы іске асырылады:

– электрондық байланыс құралдарын пайдалану немесе білім беру мекемесінде тікелей байланысты пайдалану арқылы педагогикалық қызметкерлерінің немесе тьютордың педагогикалық қатынасы (білім беруінің бастамасы бойынша);

– білім беру құралдарымен білім алушының дербес жұмысы;

– ҚБТ қашықтықтан оқу сабақтарын «on-line» режимінде және/немесе «off-line» режимінде өткізуге негізделген;

– «On-line» режимінде оқу сабағы нақты уақыттағы оқу үдерісінің өзара әсерін қамтиды (бейнеконференция, чат, телефон бойынша байланыс);

– «Off-line» режимінде оқу сабағы білім беру қарым-қатынасы үдерісі кезінде оқытушы мен білім алушы арасындағы тілдесу асинхронды түрде өтеді (электрондық пошта, кейіннен аралық және/немесе қорытынды бақылау тапсыруымен, оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулық бойынша жұмысы);

– Білім алушылардың үлгерімін аралық бақылау және аралық аттестаттау мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың негізінде әзірленген оқу жұмыс бағдарламасына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.4 Үлгерімді аралық бақылауды және аралық аттестаттау төмендегілер арқылы жүргізілуі мүмкін:

- ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарды пайдаланумен on-line режимінде білім алушы мен оқытушының тікелей қатынасы;

- автоматтандырылған тестілеу кешендері;

- жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру (кейстік технология).

6.2.5 Университет білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау мен аралық бақылауды, шектеудің электрондық әдістерін қолдана отырып, рұқсат етілмеген қатынас орнату мен бұрмалаушылықтан сақталған ақпараттық жүйеде жүргізеді.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХКТУ-043-2014
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 9 –ші беті

6.2.6 Білім алушы пән бойынша аралық аттестаттауға оқу жұмыс бағдарламасымен белгіленген барлық бақылау шараларын орындаған және тапсырған жағдайларда жіберіледі.

6.2.7 Білім алушылардың оқудағы жетістіктері әріптік баллдық-рейтингтік жүйе бойынша жоғары оқу орындарында білімді бақылау және бағалау бойынша, мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес бағаланады.

6.2.8 ҚБТ кезінде курстық жұмыстарды қорғау іске асырылады:

- ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарды пайдаланумен бейнебайланыс on-line режимінде;

- білім алушыларға курстық жұмысты (жобаны) басып шығарылған және электрондық нұсқаларда және бейнежазбаларды курстық жобаларға пікір жазылғаннан кейін жіберу жолымен.

6.2.9 Кәсіптік іс-тәжірибе ыңғайлы мерзімдерде, мамандықтың ерекшелігіне қарай жүргізіледі. Кәсіптік іс-тәжірибенің мазмұны жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген және университеттің Оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген бағдарламамен анықталады.

## **7 ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ОҚУ КУРСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7.1 Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың негізгісі тьюторлардың электронды оқу-әдістемелік кешенін порталға іліп, жұмысты дұрыс қоя білуі мен оның сапасы орындалуынан тұрады.

7.1.1 оқытушы-тьютор: кіріспе және қорытынды сабақтарды өткізіп, электронды және оқу-әдістемелік кешенді құрастырады, білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуіне көмегін тигізеді курстың оқу - әдістемелік сауатты қамтамасыз етілуіне, коммуникативті сабақ пен топтың консультация өткізуге, оқыту курстары бойынша білім алушылардың сұрақтарына жауап беруіне;

7.1.2 менеджер-тьютор: білім алушылардың топтың құрылуына, оқу үдерісінің кестесін жасауға, топта сабақтың өткізілуіне, сабақ кестесінің орындалуын бақылауға;

7.2.3 консультант-тьютор: білім алушылардың танымдық үдерісін үйлестіруге, коммуникативті мен топтың консультациясын сабақтар өткізуге, білім алушылардың сол курс бойынша түрлі сұрақтарына жауап беруге, сабақтың өтуін басқаруға, оқу үдерісінің кестесінің орындалуын бақылауға (аралық тесттер, қорытынды тесттер, емтихан).

7.2.4 Қашықтықтан оқу орталығында электронды пәннің оқу-әдістемелік кешеніне мыналар енеді:

- Білімгерлерге арналған пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus);
- Лекциялық кешен (лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары);
- Семинарлық (практикалық) сабақтардың жоспары;
- Типтік есептерді, есептік-графикалық, зертханалық және курстық жұмыстарды т.б. орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар;

- Білім алушының өзіндік жұмысының материалдары: үй жұмысының мәтіндер жинағы, әр тақырып бойынша өзін-өзі бақылаудың материалдары, ағымдық жұмыстар түрі бойынша тапсырмалардың орындалуы, еңбек көлемі және әдебиеті көрсетілген рефераттар мен басқа үй тапсырмалары;

- Оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларды өту туралы әдістемелік нұсқаулар, есеп құжаттарының формалары;

- Білім алушылардың оқу бағасының жетістіктері және бақылау бойынша материалдары (жазбаша бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, өз бетінше дайындалуға арналған сұрақтар тізімі, емтихан билеттері және т.б.);

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-043-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		11 беттің 10 –ші беті

- Арнайы аудиториялар, кабинеттер және зертханалар тізімі.

7.2.5 Оқу үдерісінде болып жатқан өзгерістер мен толықтырулар уақытында порталға ілініп, яғни білімгерлерге хабардар етіліп отырады.

## **8 ҚБТ ҚОЛДАНУМЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ**

8.1 ҚБТ қолданумен оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтауға бақылауды:

- оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент;
- департамент директоры;
- сырттай және қашықтан оқыту орталығының директоры және қызметкерлері;
- факультет декандары жүзеге асырады.

8.2 ҚБТ қолданумен оқытуды ұйымдастыру талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушілеріне, ПОҚ, сырттай және қашықтан оқыту орталығының директорына, қызметкерлеріне тәртіптік шаралары қолданылады.

### **КЕЛІСІЛДІ**

**Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент**

**Б.Б.Ахметов**

**Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы**

**Е.Шахабаев**

**Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры**

**А.Абсеметов**



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-043-2014</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Ахмет Ясауи университетінде қашықтан білім беру технологиясын қолданумен оқытуды ұйымдастыру ережесі</b>		<b>11 беттің 12 –ші беті</b>


*Ahmet Yasaui University*